Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 12 хаттамасы

Тасқала ауылы **"4" желтоқсан 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 16:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 8 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Б.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, И.А.Бермуханов, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, Х.Т.Мулдашев, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов:
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. **Тасқала ауылдық округінің көшелерін жарықтандыру жұмыстары;**
2. **Тасқала ауылының ауылішілік жолдарына жасанды жол бұдырларын орнату;**
3. **Тасқала ауылының көшелеріне қатты тұрмыстық қалдықтар салатын жәшіктер орнату.**
4.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қ.Баймагамбетов: Саламатсыздар ма! Күн тәрітібіндегі сұрақтарды талқылау үшін жиналып отырмыз. Сөз кезегін ауылдық округ әкімі Алғадай Жамбылұлына беремін.

Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл- Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері! Ауылішілік көшелерді жарықтандыру үшін жылдың басынан салынған жарықшамдардың жанып кетіп жатырғандары бар, азайып қалды. Ал тұрғындардан тапсырыстар күнде түсуде, күніне бірнеше тапсырыс түсіп жататын кездер болады.

Екінші мәселе, қазір қараңғы тез түседі. Өздеріңіз білесіздер, балалар мектептен сабақтан шығып жатады, балабақшадан шығады. Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі үшін мектептердің, балабақшалардың тұсына жасанды жол бұдырларын орнату керекпіз.

Үшінші мәселе, қатты тұрмыстық қалдықтар салатын жәшіктер орнату керекпіз. Бұрынғы жәшіктердің көбі жарамсыз, сынып қалғандары бар. Жәшіктер сынық болған соң, қоқысты ішіне салмай, сыртына лақтырып жатыр. Сол себепті, тағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді орнату керекпіз. Осы мәселелер бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

Ұ.Шукурова: Осы жұмыстардың бәрін жергілікті кәсіпкерлерге бір көзден жасауға беруге болады емес пе?

Х.Мулдашев: Жергілікті «Утешкалиева» жеке кәсіпкерлігіне беруге болады жарықшамдарды орнатуды.

Б.Бекентаева: Ия, жергілікті кәсіпкерге беру керек барлық жұмыстарды.

С.Адилов: Жасанды жол бұдырларын орнатуды «Samuryq» жеке кәсіпкерлігіне беруді ұсынамын.

И.Бермуханов: Мен қолдаймын барлық жұмыстарды жергілікті кәсіпкерге беруді. Қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшікті «Инокон» жеке кәсіпкерлігіне беруге болады.

М.Залиев: Мен де қолдаймын.

А.Жамбыл: Сіздер қолдасаңыздар күн тәртібінде көтерілген сұрақтар бойынша барлық жұмыстарды жергілікті кәсіпкерлерге береміз, яғни, бір көзден сатып алу жұмыстары.

Қ.Баймагамбетов: 1. Тасқала ауылдық округінің көшелерін жарықтандыру жұмыстарын «Утешкалиева» жеке кәсіпкерлігіне;
2. Тасқала ауылының ауылішілік жолдарына жасанды жол бұдырларын орнатуды «Samuryq» жергілікті кәсіпкерлігіне;
3. Тасқала ауылының көшелеріне қатты тұрмыстық қалдықтар салатын жәшіктер орнатуды «Инокон» жеке кәсіпкерлігіне беру дауысқа салынады.

Қолдағандар- 8 адам; қарсы- 0 адам; қалыс- 0 адам.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәрітібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала ауылдық округінің көшелерін жарықтандыру жұмыстары «Утешкалиева» жеке кәсіпкерлігіне;

2. Тасқала ауылының ауылішілік жолдарына жасанды жол бұдырларын орнату «Samuryq» жергілікті кәсіпкерлігіне;

3. Тасқала ауылының көшелеріне қатты тұрмыстық қалдықтар салатын жәшіктерді орнату «Инокон» жеке кәсіпкерлігіне берілсін.

А.Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймағамбетов, жиналыс төрағасы: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Ұсыныс білдіргендеріңізге рахмет.

Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов **Қ.Баймагамбетов**
Жиналыс хатшысы Бекен **Б.Бекентаева**